

**"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 521 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 471 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 қыркүйекте № 14193 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 11-1-4/66-2 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 23.02.2018 № 11-1-4/66-2 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 521 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12028 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 қыркүйектегі "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандартына қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін, күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық

қолтаңбасымен қуәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 28 шілдедегі  
№ 471 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 10 тамыздағы  
№ 521 бұйрығымен бекітілген  
Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқытудың ең төмен әлеуметтік  
стандартына қосымша

№	Норманың/нормативтің атауы	Норманы/нормативтерді реттейтін нормативтік-құқықтық акт	Нормалар/нормативтер бойынша ең төмен әлеуметтік стандарттың құқығына ие тұлғалардың санаттары	Норманың/нормативтің мөлш
1	Мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеуді және оқытуды жан басына шаққанда қаржыландырудың нормативі	"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы	Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар	Республикалық маңызды қ астананың, ауданның (облы қаланың) жергілікті атқару жан басына шаққанда қарж және тамақтану үшін ата-ан мөлшерін бекітеді.
				Республикалық маңызды қ астананың жергілікті атқар мектепке дейінгі тәрбие

2	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары</p>	<p>"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген);</p> <p>"Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10975 тіркелген);</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар</p>	<p>ұйымдарының материалды қамтамасыз етілуін жүзеге асыру; Ойыншықтардың тақырыптық топтарына, медициналық бөлме залға және басқаларға арналған тізбесі;</p> <p>Білім беру объектілерінің орналасқан жиһазды таңдау өлшеміне (түсі, биіктігі, типі) жиһаздың еденнен, қабырғадан ара қашықтығы, баланың бойына байланыстылығы) талаптар;</p> <p>Жиһаз бен жабдықтар саны бірліктерінде (саны, дана, жиһаз көрсетілген);</p> <p>Объектілердің жиһазы мен балалардың бойына, жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Жабдықтың және көлемі объектінің үй-жайлардың ерекшелігін отырып көзделеді.</p> <p>Жатын бөлмелерді жұмсақ мүкәммалмен жабдықтау, болатын мектепке дейінгі киім-кешектерді жуу және тәулік бойы болатын мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды жағдайларына қойылатын талаптар келеді.</p>
3	<p>Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау нормалары</p>	<p>"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар</p>	<p>Облыстың жергілікті атқарушы органдары арнайы жалпы білім бері бағдарламалары бойынша қамтамасыз етеді;</p> <p>Психологиялық-медициналық консультациялардың қорытынды оқытудың жеке жоспарына балалар мектепке дейінгі оқытуды үш жастан бастап ал Санаториялық бөбекжай-бал мектепке дейінгі ұйымдарда шектеулі балаларды тегін ұсынылады.</p> <p>Топтардың толымдылығы:</p> <p>1) есту қабілеті бұзылған: естімейтіндер үшін - 8 бала нашар еститіндер мен кейін болып қалғандар үшін - 10 бала</p> <p>2) көру қабілеті бұзылған: көрмейтіндер үшін - 8 баладан көп емес, нашар көретіндер үшін - 8 баладан көп емес, нашар көретіндер мен кейіннен соқыр болып қалғандар үшін - 12 баладан көп емес;</p>

		бекітілген "Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары"		<p>3) тірек-қозғалыс аппаратын бұзылғандар үшін - 12 балада</p> <p>4) сөйлеу қабілеті бұзылған баладан көп емес;</p> <p>5) ақыл-ойы кенжелеп қалға баладан көп емес;</p> <p>6) психикалық дамуы тежелге баладан көп емес;</p> <p>7) эмоциялық-еркі жағғ мінез-құлқы бұзылғандар үш көп емес;</p> <p>8) күрделі бұзылыстары бар соқыр-саңырау болып қалға баладан көп емес.</p>
4	Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар нормалары	№ 217 бұйрық	Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар	<p>Объектілердің жиһазы ме балалардың бойына, жас ер сәйкес келеді. Жабдықтың және көлемі объектінің үй-жайлардың ерекшелігін отырып көзделеді.</p> <p>Жатын бөлмелерді жұмсақ мүкәммалмен жабдықтау, б болатын мектепке дейінгі киім-кешектерді жуу және тәулік бойы болатын мект ұйымдардағы балаларде жағдайларына қойылатын тал келеді.</p>